# Nur Qorǵaljyn

НҰР-ҚОРҒАЛЖЫН

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Аудандық газет 1928 жылдан бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газет 2012 жылдың 1 маусымынан бастап шығарылады

№ 10-11 (602-603) БЕЙСЕНБІ 4 НАУРЫЗ 2021 ЖЫЛ





**Дәл бүгін, көктемнің алғашқы күні «Nur Otan» партиясы үшін ерекше мәні бар, маңызды күн.**

Еске сала кетейік,бүгін – 1 наурыз «Nur Otan» партиясының еліміздің, ең басты саяси күшіне айналған Партия күні екені сөзсіз. Айта кетсек 1999 жылдың 1 наурызында жаңа партияның 1-ші құрылтай съезі өтіп,онда Қазақстан Республикасының Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев партияның Төрағасы болып сайланды. Одан бөлек,Саяси кеңес пен Орталық тексеру комиссиясының құрамдары бекітіліп, партияның Жарғысы қабылданды.

Осы жылдар ішінде партия Елбасының басшылығымен, Қазақстанымыз сенімді түрде алға жылжу үшін, Тәуелсіздігіміз нығая түсуі үшін, қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді сақтау үшін, барлық Қазақстандықтардың игілігінің арта түсуі үшін халықпен бірге қажымай-талмай жұмыс істеуде. Қорғалжын аудандық «Nur Otan» партиясы филиалының ұжымы баршаларыңызды Партия күнімен шын жүректен құттықтайды.

Отбасыларыңызға амандық, берекелеріңіз ортаймасын!

## Ардақты аналар, аяулы арулар!

Әйелдер қауымы – әрдайым отбасының ұйытқысы, береке-бірліктің шырақшысы. Әр адамның өміріндегі қуанышты әрі жарқын сәттердің көп болуына сіздер мол үлес қосып келесіздер.

Көктемнің осы бір ең жарқын мерекесі — 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күнімен Сіздерді шын жүректен құттықтаймыз! Әйелдер, Сіздер — адамзаттың ең бір асыл перзенттері ғана емессіздер, сонымен бірге табиғат бойларыңызға ақыл мен төзім, іскерлік те дарытқан абзал да ізгі жансыздар! Баршаңызға мол бақыт, істеріңіздің сәтті болуын, қазақ еліндегі бейбіт пен тыныш өмірдің шырқы бұзылмауын тілеймін!

Сіздерге мықты денсаулық, бақ-береке және толағай табыс тілеймін!

**Құрметпен,**
**«Nur Otan» партиясы Қорғалжын аудандық филиалының төрағасы,**
**аудан әкімі Жанбаев Берік Амантайұлы**

## Құрметті ақ жаулықты аналар, аяулы арулар!

Көктемнің нұрлы мерекесі – 8 Наурыз мерекесіне ыстық ықласпен жолдаған ізгі ниетті құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Әйел - барлық қиындықты жеңе білетін сарқылмайтын күш, тірліктің қайнар бұлағы, әлемге әсемдік пен әдемілікті сыйлайтын тамаша жан.

Бүгінгі қоғамымызда ана тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол өмірге және мемлекеттің саяси мәселелеріне белсене араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша маңыз беріледі.

Сіздерге айтылатын ақ алғыстар мен жылы сөздер ешуақытта толастамасын. Көктемнің басымен келетін мерекелік көңіл-күй сергектіктеріңіз бен күш-жігерлеріңіздің қуат көзіне айналсын. Баршаңыздың отбастарыңызға бақыт ұяласын, игілікке, шаттыққа кенеліп, табыстарға жетіңіздер!

Арман-мұраттарыңыздың бәрі де іске аса берсін, әрқашан бақыт және сәттіліктер тілеймін!

**Құрметпен, Аудандық мәслихат хатшысы Рыспаев Берік Оралбайұлы**

## Құрметті әріптестер және нәзік жанды әйелдер қауымы!

Сіздерді көктемнің тамаша мерекесі - 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын! Сіздерге шын жүректен мықты денсаулық, отбасыларыңызға денсаулық, бақыт, қажырлы еңбектеріңізге сәттілік, шыдамдылық, күш-қуат тілеймін! Әрқашан да әдемі және сүйікті болып жүре беріңіздер! Сіздердің еңбектеріңнз өлшеусіз!

**Құрметпен Марал Жақсылыққызы,**
**Қорғалжын аудандық ауруханасының Бас дәрігері.**

8 наурыз

## Әлемді сұлулықпен нәрлендіретін нәзік те қадірлі жандар!

Көктем мерзімінің басталуымен күн нұры шашқан жылулықтан тіршіліктің ояну, әлемнің құлпыру салтанатымен бірге бастау алатын 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекелеріңіз құтты болсын, гүлденген әлемді құлпырта түсетін қарындастарым, барша әлемді тербеген аналар, ізгі жүректі әжелер!

*Болмысың бар тілегің елің үшін,*
*Әйел-жар отбасының сенімісің...*
*Әр жанның жүрегінде ана деген,*
*Жазылып қалған мәңгі ұлы есім!*

деп ақындарымыз жырлағандай, ұлы есімнің ұлағатты иелері, бүгінгі қуаныштың жылы лебі ескен, алтын күн жібектей болып шашылған, бәйшешектер бүр жаратын, тал шыбықтар бусанып, әлемге нәр бере бастаған көктемнің алғашқы күнінде жаны сұлу әйелдер қауымына жүздеріңіздің ажарлана түсуін, ізеттіліктеріңізбен өмірді шуақтандырып, айрықша қасиеттеріңіз мәңгілік салтанат құрып, бақыттың шыңында шалқып жүрулеріңізді тілеймін. Адамзаттың данасы да дарасы бола білген абзал жандар, зор денсаулық, отбасында құт-береке, ырзық-несібелеріңіз арта берсін!

**Ерекше құрметпен,**
**білім қызметкері кәсіподақ кеңесінің төрағасы, Қорғалжынның Құрметті азаматы Н.Тәжин**

**Ақмола облыстық «Nur Otan» партиясы филиалының ұйымдастыруымен өткен, «Арыңды таза ұста!» атты әлеуметтік бейноролікті ең үздік деп танылып, Қорғалжын аумақтық «Nur Otan» партиясы филиалы марапатталды.**

Ақмола облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Мәдешұлы Бекмағанбетов «Nur Otan» партиясы Ақмола облыстық филиалының төрағасы Ермек Боранбайұлы Маржықпаевтың дипломымен Қорғалжын аудандық «Nur Otan» партиясы филиалын марапаттады.





**Қорғалжын аумақтық «Nur Otan» партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мадияр Серікұлы Амангельдинов «Қызылсай» бастауыш партия ұйымының төрағасы, ауыл әкімі Мұрагер Аужанұлы Ахметбековты «Ең үздік бастауыш партия ұйымы» жеңімпазы ретінде «Nur Otan» партиясы Ақмола облыстық филиалының төрағасы Е.Маржықпаевтың Құрмет грамотасымен марапаттады. Барлық БПҰ мүшелерін құттықтаймыз және жаңа жеңістер тілейміз !!!**

**Осы атаулы күнге орай Қорғалжын аудандық «Nur Otan» партиясы филиалында, партия қатарына өткен азаматтарды Қорғалжын аудандық «Nur Otan» партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мадияр Серікұлы Амангельдинов «Nur Otan»Партиясы күнімен құттықтап, салтанатты түрде партия билетін табыстады.**

Қорғалжын аудандық «Nur Otan» партиясы филиалының ұжымы баршаларыңызды Партия күнімен шын жүректен құттықтайды. Шаңырақтарыңызға береке-бірлік, шаттық, қуаныш тілейді!

# «Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын жеңілдету туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 24 ақпандағы № 9 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID–19 короновирустық инфекциясының (бұдан әрі- COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында және «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 27 ақпандағы № 9 қаулысына (бұдан әрі- БМСДҚ) сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын жеңілдету туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 24 ақпандағы № 9 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

**2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:**

3) қоғамдық тамақтандыру объектілерінде және үйде ұйымдастырылатын

көпшіліктің қатысуымен өтетін іс-шараларға (отбасылық, естелік (банкет, үйлену тойы, мерейтой, мерекелік корпоративтер, дұға) және ҚР және Ақмола облысы БМСД-нің қолданыстағы қаулылары негізінде қызметі шектелген объектілерге барудан бас тарту ұсынылады;

**4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:**

**Аудандар мен Көкшетау, Степногорск қалаларының әкімдері:**

1) көпшілік іс-шараларын (мерекелік, спорттағы көпшілік, ойын-сауық, мәдени-көпшілік іс-шараларды, форум, конференция, семинар, көрме және т.б. өткізуге), отбасылық, естелік іс-шараларды (банкет, үйлену тойы, мерейтой, мерекелік корпоративтер, дұға) және көпшілік жиналатын өзге де іс-шараларды, оның ішінде үйде өткізуге тыйым салуды;

2) ойын-сауық мекемелері (караоке, бильярд, боулинг орталықтары, компьютер клубтары, түнгі клубтар, боулинг орталықтары, жабық үй-жайлардағы балалар ойын алаңдары мен аттракциондары, батут және тағы басқалар), букмекер кеңселері мен ересектер мен балаларға арналған өзге де ойын-сауық орындары, кальян орындары (оның ішінде қоғамдық тамақтану объектілеріндегі) қызметіне тыйым салуды;

3) банкет залдарының қызметіне тыйым салуды;

4) мерекелік корпоративтерді ұйымдастыру мен өткізуге тыйым салуды;

5) кезекші топтарды қоспағанда, мектепке дейінгі балалар мекемелері қызметіне тыйым салынсын. № 67 БМСДҚ талаптары және топтарда 15 адамнан артық емес комплектация сақталған мектепке дейінгі балалар мекемелері қызметіне рұқсат етіледі;

6) қалааралық автобус, микроавтобус қозғалысына рұқсат беріледі;

7) отырғызу орындары 75%-дан аспайтын, бірақ 15 адамнан артық емес жүйелі жүрмейтін қалааралық тасымалға рұқсат беру;

8) отырғызу орындары 75%-дан аспайтын, бірақ 15 адамнан артық емес жүйелі жүрмейтін облысаралық (туристік) тасымалға рұқсат беру;

9) отырғызу орындары 75%-дан аспайтын, бірақ 15 адамнан артық емес жүйелі жүрмейтін қалааралық (туристік) тасымалға рұқсат беру;

10) қала маңындағы жолаушылар поездарының/электр пойыздарының жалпы вагонсыз қозғалысын жандандыруды;

11) № 67 БМСДҚ-ға 3-қосымшаға сәйкес алгоритмді сақтай отырып, (қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған кезде) кеңестерді (отырыс) бетпе-бет режимде өткізуге рұқсат беруді;

12) белгіленген талаптарды сақтай отырып және ұжымдық іс-шараларды өткізбестен діни объектілер (мешіт, шіркеу, собор, синагога және т.б.) қызметіне рұқсат беруді;

13) мәдени объектілері (30 адамға дейін жеке топпен репетиция өткізу ғана) қызметіне рұқсат беруді;

14) кітапхана, мұражай, гүлдер дүкені, фотосалон қызметіне рұқсат беруді;

15) № 67 БМСДҚ-ға 9-қосымшаға сәйкес көрермен залында келушілерді отырғызған кезде бір-бірінен екі метр қашықтықты сақтай отырып, 20% толған кезде кинотеатр мен театр қызметіне рұқсат беруді;

16) сауда ойын-сауық орталықтары мен сауда үйлеріндегі фудкорттар (тамақты үйге жеткізу және сыртқа шығару) қызметіне рұқсат беруді;

17) № 67 БМСДҚ-ға 5-қосымшаға сәйкес сауда алаңының 1 адамға 4 ш.м. есебінен сауда аймақтарда (бутиктерде) әлеуметтік қашықтық сақталған жағдайда азық-түлік және азық-түлік емес ашық базарлар қызметіне рұқсат беруді;

18) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған келушілер санын 30%-дан асырмай және бір келушіге кемінде 4 ш.м. орын сақталған азық-түлік емес және азық-түлік жабық базарлары (базар үлгісіндегі сауда үйлері, сауда орталықтары, павильон, дүкен және т. б.) қызметіне рұқсат беруді;

19) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған келушілер санын 30%-дан асырмай және бір келушіге кемінде 4 ш.м. сақталған жағдайда азық-түлік емес дүкендердің қызметіне рұқсат беруді;

20) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған (объект персоналы қорғау құралдарымен қамтылуы тиіс, персонал қолғапсыз, бетпердесіз жұмысқа жіберілмейді, келушілерге қызмет көрсеткен кезде персоналдың (официант) қолғапсыз, қорғау экрансыз жұмысына рұқсат берілмейді), көпшілік жиналатын салтанатты, отбасылық, естелік, ұжымдық және басқа да іс-шараларды өткізбестен жұмыс тәртібі сағат 07.00-ден 24.00-ге дейін, келушілердің саны 50%-ға дейін, бірақ отыратын орын 50-ден артық емес, үстел арасындағы қашықтық 2 метрден кем емес және келушілер арасында 1 метрден кем емес қашықтық сақталған қоғамдық тамақтандыру объектілері қызметіне рұқсат беруді;

21) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған объект персоналы қорғау құралдарымен қамтылуы тиіс, персонал қолғапсыз, бетпердесіз жұмысқа жіберілмейді, келушілерге қызмет көрсеткен кезде персоналдың (официант) қолғапсыз, қорғау экрансыз жұмыс жасауына рұқсат берілмейді, көпшілік жиналатын салтанатты, отбасылық, естелік, ұжымдық және басқа да іс-шараларды өткізбестен сағат 07.00-ден 24.00-ге дейін, бір мезгілде келушілердің саны 50%-ға дейін, бірақ отыратын орын 50-ден артық емес, үстел арасындағы қашықтық 2 метрден кем емес және келушілер арасында 1 метрден кем емес қашықтық сақталған балалар мен ересектерге арналған жыл бойы жұмыс істейтін сауықтыру шипажайлары, демалыс үйлері қызметіне, сол жерде тұратын және жұмыс істейтін адамдарды тамақтандыра отырып, өнеркәсіп кәсіпорындарының асханалары жанындағы қоғамдық тамақтандыру объектілері қызметіне рұқсат беруді;

22) жол бойындағы сервис объектілері (қоғамдық тамақтандыру және сауда)

қызметіне рұқсат беріледі, сағат 00.00-ден 06.00-ға дейін тамақты сыртқа шығарып, өнімнің сатылуы рұқсат етіледі;

23) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған санитариялық нормаларға сай келетін Сәйкестік актісі болып, клиент залында (4 ш.м. 1 адам және оңтайлы жұмыс аймақтары шекаралары белгіленіп, кресло арасында кемінде 2 метр қашықтық) әлеуметтік қашықтық сақталған сұлулық салондары, шаштараз, маникюр және педикюр қызметтері, косметология қызметін көрсететін объектілер қызметіне рұқсат беруді;

24) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған алдын ала жазылу бойынша топта 15 адамнан артық емес балалар кабинеттерінің/түзету орталықтары, балалар мен ересектердің білім беру орталықтары қызметіне рұқсат беруді;

25) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған келушілер санын 50%-дан аартық емес және бір адамға 5 ш.м. кем емес орынды қамтамасыз етіп, фитнес орталықтары, тренажер залдары мен спорттық-сауықтыру орталықтары қызметіне рұқсат беруді;

26) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған келушілер санын 50%-дан асырмай және бір адамға 4 ш.м. кем емес орын болған жағдайда (монша ішінде шешінетін орын, гардеробы бар вестибюль, жуынатын орын, бу бөлмесі, демалыс бөлмесіз, ас ішетін орынсыз және жуыну уақытын 60 мин. дейін шектей отырып) монша қызметіне рұқсат беруді;

27) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған келушілер санын 50%-дан асырмай және бір адамға 4 шаршы метрден кем емес орын болған жағдайда жексенбі күні тоқтата тұрып, сауна, СПА орталықтары қызметіне рұқсат беруді;

28) бір адамға жеке форматта су ауданы 5 ш.м. арналған алдын ала жазылу бойынша жексенбі күні тоқтата тұрып, бассейн қызметіне рұқсат беруді;

29) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған қоғамдық көліктің жұмыс істеуіне (қарбалас сәтте автобус санын ұлғайту, күллі есіктерді ашу, адамдарды отыратын орын саны бойынша отырғызу ) рұқсат беруді;

30) Ұлттық құрама, клуб командалары үшін спорт жаттығуларына (30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия, спорт базаларында тұру) рұқсат беруді;

31) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған мемлекеттік органдар (ұйымдар мен кәсіпорындар), квазимемлекеттік сектор органдары, ұлттық кампаниялар, өзге де ұйымдар, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілері қызметіне рұқсат берілсін. Бұл ретте, КВИ таралуы мен алдын алу іс-шараларына қатысатын ұйымдар мен тіршілікті қамтамасыз ететін кәсіпорындардан, құқық қорғау органдары қызметкерлері мен төтенше жағдайлар қызметі қызметкерлерінен басқа, штаттық кестеде 50-ден артық қызметкер болғанда, қызметкерлердің кемінде 50%-ы қашықтықтан жұмыс атқарады;

32) № 67 БМСДҚ талаптары және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим сақталған алдын ала жазылу бойынша медицина орталықтары, стоматология клиникалары мен кабинеттері қызметіне рұқсат беруді;

33) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған туризм объектілері мен адамдар орналасып тұратын салада қызмет көрсететін ұйымдар (қонақ үй, отель, демалыс үй, туристік база және т. б.) қызметіне рұқсат беруді;

34) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған дәріхана қызметіне рұқсат беруді;

35) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған үздіксіз өндірістік циклі бар өнеркәсіп кәсіпорындары қызметіне, ашық ауадағы құрылыс жұмыстарына, ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы және мал шаруашылығына рұқсат беруді;

36) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим сақталған алдын ала жазылу бойынша көлік салонында 2 клиенттен артық, ТҚС-да 3 клиенттен артық болмауы керек, тұрақты жұмыс орындары арасында кемінде 2 метр қашықтық болуы келушілерге жанаспайтын қызмет түрлерін көрсету объектілері (көлік жуу, көлік жөндеу, тұрмыстық техника, сағат, телефон, компьютер, аяқ-киім жөндеу, тігін ательесі, кір жуатын орындар, химиялық тазалау, кілт дайындау, тұрмыстық үй принципі бойынша және т.б.) рұқсат беруді;

37) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актілері негізінде уақыты мен санын шектей отырып, қаржы нарығы субъектілері қызметіне рұқсат беруді;

38) 2020-2021 оқу жылы үшінші тоқсаннан бастап:

- сыныпта бала саны 15-ке дейін контингенті 300 оқушыға дейін қала және ауыл мектептерінде дәстүрлі форматта оқытуды;

- 2021 жылғы 1 наурыздан бастап жалпы білім беру мектептерінде 1-ден 5-сыныпқа дейін қоса алғанда, халықаралық мектептерде 1-ден 7-сыныпқа дейін қоса алғанда;

- аралас оқытуға (9, 11 (12) сынып) бітіруші сыныптары үшін аптаның 6 күні ішінде аралас оқыту: пәндердің 70%-ын дәстүрлі форматта, 30%-ы қашықтықтан (сыныпта 15 адамнан артық емес, әлеуметтік қашықтықты сақтау, 1 кабинетте 1 сынып-қағидатымен оқыту, бір мезгілде мектепте жобалық қуаттың 30%-дан артық болмауы керек, санитариялық-дезинфекциялық режимді, бетперде режимін күшейту);

- білім беру мекемесі әкімшілігінің шешімі бойынша сабақтан тыс уақытта топта 15 адамнан артық емес оқушыларды жеке оқытуға рұқсат беруді;

39) колледж бен жоғары оқу орындарының I курс студенттерін екінші семестрден бастап аралас оқытуға рұқсат беруді;

40) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған ас залында бір мезгілде 60 баладан артық емес, бірақ отыратын орындарын 50%-дан артық болдырмай, білім объектілеріндегі қоғамдық тамақтандыру объектілері қызметіне рұқсат беру;

41) білім объектілерінде қоғамдық тамақтандыру объектілері қызметін қайта бастаған кезде мектеп асханалары қызметшілерінің жұмысқа шығар кезде бір рет COVID-19-ға ПТР әдісімен тексерілуін қамтамасыз етсін;

42) өңірлердегі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» РМҚК қызметіне рұқсат беруді;

43) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернат (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернат, дарынды балаларға арналған мектеп-интернат қызметіне рұқсат беруді;

44) бетперде режимін және кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 15 адамнан артық емес жеке және ұйымдасқан топтар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (мемлекеттік ұлттық табиғи парк, қорық, резерватжәне т.б.) баруға рұқсат беруді;

45) күшейтілген санитариялық-дезинфекцилық режим сақталған жағдайда бір мезгілде 30 адамнан артық болмайтын облыстық команда дайындау үшін оқу-жаттығуларыдың жандандырылуына рұқсат беруді;

46) (отбасы мүшелерін қоспағанда, 2 адамнан артық емес) такси қызмет көрсетуін шектеуді;

47) күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, келушілердің санын 30%-дан асырмай және бір келушіге кемінде 4 ш.м. сақталған келушілердің санын жобалық қуаттан 30%-дан асырмай және бір келушіге 4 м2 орын сақталған кезде сауда ойын-сауық орталықтары, сауда үйлерінің, сауда орталықтарының қызметін шектеу. Балалар ойын алаңдарының, аттракциондар мен балалар ойын бөлмелерінің қызметіне тыйым салуды;

48) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған келушілер санын 30%-дан асырмай және бір келушіге кемінде 4 ш.м. сақталған супермеркет пен гипермаркет жұмысын тәртібін шектеуді;

49) № 67 БМСДҚ-ға 1-қосымшаға сәйкес 1 адамға кемінде 4 шаршы метр әлеуметтік қашықтықты сақтау мүмкіндігі есебінен толтырылатын кезде бизнес-орталықтары (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттік, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары қызметтері және т. б.) жұмысын ұйымдастыру;

50) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған туристік компаниялар, айырбастау пункттері, ломбард жұмысын ұйымдастыру;

51) халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі-ХҚКО), оның ішінде мамандандырылған ХҚКО-ның, 1414 Call-орталығы және виртуалды ассистенттердің жұмысын сенбі күндері жұмысын тоқтата тұрып, жұмыс күндері (дүйсенбі - жұма) сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, ұйымдастыру. Көкшетау қаласының ХҚКО бөлімдерінде, оның ішінде мамандандырылған ХҚКО-да азаматтарды қабылдауды қатаң түрде Egov.kz немесе 1414 Call-орталығы алдын ала броньдау арқылы жүргізу;

52) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, сенбі күндері сағат 09.00-ден 14.00-ге дейін шектей, онлайн форматта барынша қызмет көрсете отырып, «Қазпочта» АҚ жұмысын ұйымдастыруды;

53) мемлекеттік көрсетілетін қызмет орталықтарында мемлекеттік кіріс ғимараттарының қызметі жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) (түскі үзіліспен) сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс уақытын шектей отырып, ұйымдастырылсын. Карантин шараларын сақтау үшін мемлекеттік кіріс органдарына (Көкшетау қ., Степногорск қ., Целиноград және Бурабай аудандары бойынша МКБ-ы www.kgd.gov.kz сайты, E-salyq мобильді қосымшасы арқылы кезекті алдын ала броньдау) немесе қалған аумақтық әйімақтардағы телефон арқылы алдын ала жазылу бойынша халыққа қызмет көрсетулерін ұсынуды;

54) қоғамдық көлікті, такси көліктерін, өнеркәсіптік аумақтарды, әуежайларды, балаларға арналған аула алаңдарын, азық-түлік және азық-түлік емес базарларды және басқа да қоғамдық орындарды санитариялық және дезинфекциялық өңдеу жүргізуді;

55) Қазақстан Республикасының және Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулыларына сәйкес шектеу іс-шараларының сақталуына мониторинг жүргізу және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес санитариялық-карантиндік шараларды сақтамаған тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарта отырып, әкімдіктер жанындағы мобильді топтардың объектілерге іріктеп тексеру жүргізуді;

56) халыққа COVID-19 ауруының таралуының алдын алу бойынша ақпараттандыру-түсіндіру жұмысын жүргізуді;

57) медициналық ұйымдарда, қарт адамдар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәби үйлеріне, балалар үйлерінде, әлеуметтік оңалту орталықтарында, интернат үлгісіндегі мүгедек балаларға арналған оқу орындарында карантин режимі және санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтауды;

58) № 67 БМСДҚ-ға 32-қосымшаға сәйкес қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, COVID-19-дан (U07.1) және вирустық пневмониядан (U07.2)көз жұмған адамның мәйітін жерлеуді ұйымдастыру үшін әрбір ауданда (қалада) бригада құрылсын;

59) COVID-19-дан (U07.1) және вирустық пневмониядан (U07.2) көз жұмған адамдардың мәйіттерін тасымалдауға арналған автокөлікпен, көмуге қатысатын адамдарды жеке қорғаныш құралдарымен қамтуды қамтамасыз етсін.

2. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қызметті жүзеге асыратын Ақмола облысының қалалары мен аудандарының тиісті аумағындағы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантин шараларын күшейту туралы шешім қабылдауға құқылы.

3. Меншік нысанына қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғалар Қаулыны орындауға міндетті.

4. Осы қаулы барлық мүдделі ведомстволардың назарына жеткізілсін, халыққа бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы хабардар етілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күніне бастап күшіне енеді.

**Ақмола облысының**
**Бас мемлекеттік**
**санитариялықдәрігері** **А.Мусина**

# В соответствии с Указом Главы государства Касым-Жомарта Токаева в Казахстане начался весенний призыв

**В соответствии с Указом Главы государства Касым-Жомарта Токаева 1 марта 2021 года в Казахстане начнутся мероприятия по призыву на срочную воинскую службу. Об этом в ходе брифинга на площадке Службы центральных коммуникаций сообщил начальник Департамента организационно-мобилизационной работы Генерального штаба ВС РК Сакен Жусупов. В этом году призыв в армию завершится 1 июля.**

«В этой кампании более 13,5 тысяч юношей в возрасте от 18 до 27 лет, не имеющих оснований для уклонения от призыва и освобождения, пополнят ряды Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований Казахстана. В целях снижения контактов с населением в условиях пандемии, а также автоматизации процесса весеннего призыва будут направлены SMS-сообщения. Направление уведомлений осуществляется через номер 1414 Министерства цифрового развития и аэрокосмической промышленности», - сказал С. Жусупов.

Начальник департамента отметил, что в целях недопущения распространения COVID-19 на призывных пунктах будут приняты санитарные меры. Во время весеннего призыва призывники дважды, сдают анализы в ПЦР: на сборных пунктах и при поступлении на воинскую службу. Вакцинация вновь принятых военнослужащих будет проводиться совместно с личным составом воинской части, в которой они проходят службу. Вопрос, касающийся мер профилактики коронавируса, находится на постоянном контроле министра обороны.

## ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қорғалжын ауданының әкімдігі ағымдағы жылдың 1 наурызынан 30 наурызына дейін мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызмет туралы есептерді ашық талқылау өткізілетіні туралы хабарлайды. аудан әкімінің korgal.akmol.kz сайтында «Ашық талқылау» бөлімінде сіздер өз түсініктеріңізді қалдыруларыңызға болады.

Сондай-ақ оларды көрсету кезінде мемлекеттік мекемелерде немесе төменде көрсетілген телефондар бойынша сапа мен қол жетімділік, үнемділік пен тиімділік бойынша мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы өз ескертпелеріңіз бен ұсыныстарыңызды қалдыра аласыздар:

| Мемлекеттік мекемелердің атауы | Мекенжайы | Байланыс |
|---|---|---|
| «Қорғалжын ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ | Қорғалжын ауылы Х.Болғанбаев к., 9 | Телефон: 8 (71637) 2-16-49 E-mail: arhitektorauzhanov@mail.ru |
| «Қорғалжын ауданының білім бөлімі» ММ | Қорғалжын ауылы Х.Болғанбаев к., 24 | Телефон: 8 (71636) 22289 E-mail: rookurno@mail.ru |
| «Қорғалжын ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ | Қорғалжын ауылы Х.Болғанбаев к., 9 | Телефон: 8 (71636) 21671 E-mail: e_korg@mail.ru |
| «Қорғалжын ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ | Қорғалжын ауылы Х.Болғанбаев к., 9 | Телефон: 8 (716-36) 21203 E-mail: korgzem@mail.ru |
| «Қорғалжын ауданының ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлімі» ММ | Қорғалжын ауылы Х.Болғанбаев к., 9 | Телефон: 8 (716-36) 22334 E-mail: zhkha01@mail.ru |
| «Қорғалжын ауданының спорт және дене тәрбиесі бөлімі» ММ | Қорғалжын ауылы К.Күмісбеков к., 31 | Телефон: 8 (71637) 2-17-77 E-mail: s42854@mail.ru |
| «Қорғалжын ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ | Қорғалжын ауылы Х.Болғанбаев к., 9 | Телефон: 8 (71636) 22399 E-mail:otdelozisp@mail.ru |
| «Қорғалжын аудандық ауыл шаруашылық бөлімі» ММ | Қорғалжын ауылы Х.Болғанбаев к., 9 | Телефон: 8 (71636) 21536 E-mail: akm_shu_rsxu@mail.kz |
| Қорғалжын ауылдық округінің әкімдігі | Қорғалжын ауылы Х.Болғанбаев к., 13 | Телефон: 8 (71636) 21536 E-mail: akm_shu_rsxu@mail.kz |
| Арықты ауылдық округінің әкімдігі | Арықты ауылы Ленин к., 31 | Телефон: 8 (716-36) 42653 |
| Амангелді ауылдық округінің әкімдігі | Өркендеу ауылы Абай к., 21 | Телефон: 8 (716-30) 35610 E-mail: |
| Қарашалғын ауылдық округінің әкімдігі | Жантеке ауылы С.Сейфуллин к., 51 | Телефон: 8 (716-36) 33610 |
| Қызылсай ауылдық округінің әкімдігі | Шалқар ауылы Б.Момышұлы к., 31 | Телефон: 8 (716-36) 45614 |
| Кеңбидайық ауылдық округінің әкімдігі | Кеңбидайық ауылы С.Сейфуллин к., 4 | Телефон: 8 (716-36) 43610 |
| Коммунар ауылдық округінің әкімдігі | Майшұқыр ауылы Абай к., 16 | Телефон: 8 (716-36) 45610 |
| Сабынды ауылдық округінің әкімдігі | Сабынды ауылы Ә.Үсенұлы к., 24 | Телефон: 8 (716-36) 44610 |

Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызмет туралы есептерді ашық талқылауды өткізу халықтың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді, құқықтық актілерді, шешімдерді дайындау мен қабылдауда, мемлекеттік органдармен мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша басқа да іс-шаралар өткізуде қоғамдық пікірді есепке алудың ықпалды арналарын құруға бағыталған.

**Ашық талқылауға тең жағдайда қатыса алады:**

- Үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдардың өкілдері
- Азаматтар
- Ұйымдастыру-құқықтық нысанына, меншік нысанына, орналасқан жеріне және капиталдың шыққан жеріне тәуелсіз заңды тұлғалар
- Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері
- Ғалымдар, сарапшылар
- Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері

Барлық мүдделі тұлғалардың қатысуын сұраймын!!!

**1 Наурыз Алғыс айту күні**



*Бибігүл ХАМИДУЛЛАҚЫЗЫ, Қорғалжын аудандық статистика бөлімінің басшысы:*

*– Мен өзімнің барлық жақындарыма, отбасыма әріптестеріме алғыс айтамын. Әрқашан да денсаулықтарыңыз мықты болып, тек қана биік белестерден көріне беріңіздер. Басымызға төнген мына індеттен тезірек айығып, аман-есен қалыпты өмірге оралуды тілеймін.*



*Гүлсім САҒЫМБАЙҚЫЗЫ, Қорғалжын ауданының тіркеу және жер кадастр бөлімінің басшысы:*

*– Бүгінгі күлімдеген көктемнің алғашқы күні баршаңызды Алғыс күнімен құттықтаймын! Ең алдымен жаратушы Аллаға мың алғыс. Дүниеге әкелген ата-анамызға мың алғыс, Отбасыма рахмет. Қасымдағы жарыма рахмет! Бауырларыма, балаларыма, қасымдағы адал достарыма рахмет! Мың жылдық тарихы бар ел-жұртыма рахмет! Әр күніміз тек жақсылықпен келсін! Барлық шаңыраққа береке-бақыт тілеймін.*



*Алиев Әділхан СЕРІКҰЛЫ, Қорғалжын балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі директорының орынбасары*

*Армысыздар! Бүгінгі келіп жеткен алғыс айту күні баршаңызға құтты болсын. Арамыздағы сыйластық пен құрмет үзілмесін. Ата-анамызға шексіз алғыс айтамын. Барша дархан халқыма алғыс айтамын!*

## АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМНІҢ, БІРЛІК ПЕН ДОСТЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН МЕРЕКЕСІ.

***Қазақстан халқы бұл мейрамды алғаш рет 2016 жылы атап өтті. 2016 жылдың 14 қаңтарында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнін, яғни 1-ші наурызды – Алғыс айту күні етіп жариялады.***

*Алғыс айту күні – бұл, ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған, Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанаты күні.*

*Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың, миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті, қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымның белгісі.*

*Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты, қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік, қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.*

*Қорғалжын аудандық «Nur Otan» партиясы филиалының ұжымы баршаларыңызды Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтайды. Ең бастысы, Отанымыз гүлденіп көркейе берсін, әр шаңырақ қуанышқа бөленіп, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!*



*Людмила БОРЗОВА:*

*– Мен көктемнің алғашқы күні алғыс күнінде барша қазақ елі алғыс білдіргім келеді. Кезінде қазақтардың басқа ұлт өкілдеріне қалай құшақ жайып, көмек бергені біздің жадымызда. Сол үшін біз қазақ еліне, қазақ жеріне мәңгі борыштармыз.*



*Искакова Марина СЕРГЕЕВНА Халыққа қызмет көрсету бойынша Коргалжын аудандық бөлімі қызметтік үй-жайларды тазалаушы:*

*– Өзге ұлт өкілдері секілді, біздің де қазақ жұртына айтар алғысымыз шексіз. Біздің ата-аналарымыздың қиын кезеңдерінде жатсынбай, құшақ жая қарсы алғандары үшін разымын. Біз Қазақ еліне қарыздармыз. Өзімнің және отбасымның атынан Сіздерге алғыс айтамын.*



*Қарашаш САЙРАНҚЫЗЫ, Қорғалжын аудандық мәслихат аппаратының басшысы:*

*–Алғыс айту және көктемнің бірінші күнінде баршаңызды аудан депутаттары және мәслихат аппаратының атынан құттықтай отырып, алғысымды білдіремін. Сонымен қатар аудан бойынша жалғыз газет «Nur-Qorqaljyn» редакциясына алғысым шексіз. Денсаулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін.*



*Қауазбеков Қуаныш ЖҰМАҒАЗЫҰЛЫ, Қорғалжын аудандық соты аға сот приставы:*

*– Мен өз атымнан қазіргі індетке байланысты күні-түні ұйқы көрмей қызмет етіп жатқан жандарға алғыс айтқым келеді. Дәрігерлер, полицейлер тағы басқа да халыққа тынымсыз көмек беріп жүрген ел азаматтарына алғысым шексіз. Ол кісілерге мықты денсаулық, қажырлы қайрат пен сабыр тілеймін.*



*Трофимова Татьяна ВЛАДИМИРОВНА, электро монтёр станционного участка филиала АО «Казактелеком» Коргалжынского района:*

*– Уважаемые коргалжинцы! Хочу поздравить Вас с Днем благодарности! Ведь этот праздник отмечается в первый день весны с 2016 года. Главная идея праздника продемонстрировать уважение и признательность казахстанскому народу за неравнодушие по отношению к людям, попавшим в трудную ситуацию. Одна из задач дня благодарности воспитать дружелюбие, толерантность, уважение ко всем людям на планете, а так же укрепить межнациональные и меж этнические отношения. В день благодарности хочу поблагодарить небеса и наш Казахстан за тёплый кров, богатый дастархан, мирное небо, всем здоровья и благополучия.*

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің «Ақмола облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-нің 2020 жылғы камералдық бақылау іс-шараларының қорытындылары

AQMOLA

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Ақмола облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен (бұдан әрі-Департамент) - Мемлекеттік аудит объектілеріне әкімшілік жүктемені төмендету мақсатында мемлекеттік сатып алу бойынша «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес күн сайын Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген камералдық бақылауды жүргізу қағидаларында белгіленген тәуекелдер бейіндеріне сәйкес камералдық бақылау жүргізіледі.

Осылайша, Департамент 2020 жылы 634 513 961,1 мың теңге сомаға 81 153 Мемлекеттік сатып алуды (лоттарды) камералық бақылаумен қамтып, 89 207 445,8 мың теңге сомаға камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы 1 184 хабарлама жіберді.

Сонымен қатар, 2020 жылы Департамент мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар мен тапсырыс берушілердің әрекеттеріне шағым жасаған жеке және заңды тұлғалардың 1 473 өтінішін қарады.

## Көктемгі су тасқыны кезінде халыққа жадынама

**Қарлы қыстан кейінгі көктемгі климаттық өзгерістерге байланысты, жақын арада біз елді мекендердің аумағын су басу қаупімен бетпе-бет келуіміз мүмкін. Қардың мол еруімен су тасқыны елді мекендердің кейбір жерлеріне, ең алдымен ойпатта орналасқан жеке сектордың үйлеріне қауіп төндіреді.**

**Мүліктің жоғалуы мен бүлінуіне жол бермеу, жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін тұрғындар келесі шараларды қабылдауы керек:**

- ауа-райы туралы есептер мен су қоймаларындағы су деңгейлерін мұқият бақылаңыз.
- тұрғылықты жердегі су тасқыны шекараларын нақтылау.
- Іргелес аумақты қардан, қоқыстардан тазарту.
- жергілікті жерде міндетті түрде оның жанында орналасқан арықтарды қардан, мұздан, қоқыстардан тазарту;
- Егер сіздің үйіңіз су басу аумағында болып қалса, қажетті заттар жиынтығын дайындаңыз
- Тұрмыстық заттар, жертөлелерден алынған азық-түлік, мүмкін болса, жоғарғы қабаттарға, шатырларға және басқа да биік жерлерге көтеріп қою.
- Аулада үй ыдыстарын мүмкіндігінше аз қалдырыңыз, әйтпесе су оларды алып кетеді. Егер заттарды алып тастау мүмкін болмаса, оларды байлаңыз.
- Үй жануарларын, малды қайда алып тастау керектігін алдын-ала ойластырыңыз.
- Су тасқыны кезінде карттарды, науқастарды, балаларды қауіпсіз жерлерге апарған дұрыс.
- Су тасқыны кезінде шелектер, күректер және т.б. алдын ала дайындап қойыңыз;

Халыққа көктемгі су тасқыны салдарынан материалдық зиян келтірмеу үшін өз мүлкін сақтандыруға кеңес береміз.

Көктемгі су тасқыны балалар үшін ең қауіпті.

Қауіпсіздік шараларын білмей, ата-аналары мен ақсақалдары қараусыз қалады, сондықтан баланың қауіптілік сезімі қызығушылыққа қарағанда әлсіз болғандықтан, олар өзен көлдердің жағалауларында ойнайды, кейде су қоймасының мұздықтарында жүреді. Мұндай бейқамдық кейде қайғылы аяқталады. Көктемде балалар ойнайтын орындарға бақылауды күшейту керек.

**АТА-АНАЛАР МЕН ҰСТАЗДАР!**

Балаларды ересектердің қадағалауынсыз су айдындарынан аулақ ұстаңыз, әсіресе мұз ағыны кезінде; оларға өзенді немесе көлді ашқанда мұзда қалу қаупі туралы ескерту. Балаларға су тасқыны кезіндегі мінез-құлық ережелері және судың тілсіз жау екені, туралы айтыңыз. Жыртылған мұз қабаты, салқын су, ағыны адамға өлім қаупін төндіреді. Есіңізде болсын, су тасқыны кезеңінде, тіпті сәл мұздың ағуы кезінде, жазатайым оқиғалар көбінесе балалармен болады. Балаларға көктемгі су тасқыны кезіндегі сақтық шараларын түсіндіріңіз.

**Қорғалжын ауданының ТЖБ**




# Наурыз айынан бастап COVID-19-ға қарсы жаппай вакцинациялау кезінде қосымша егу кабинеттері ашылады – Л. Руспекова

**Наурызда қазақстандықтарды COVID-19 қарсы жаппай вакцинациялаудың үшінші кезеңі басталады. Адамдар тіркелген емханаларға жүгіне ме, әлде арнайы нүктелер бола ма?**

Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өзекті мәселе көтерілді. Елордалық №2 емхананың директоры Ләззат Руспекованың айтуынша, қабылдауды емханаларда, бірақ жеке кабинеттерде жүргізу жоспарланған.

«Адамдардың барлығы қайда тіркелгендерін біледі. Қазіргі кезде емханалардың дайындық жұмысы тізімдері дұрыс құру болып табылады. Бірінші кезекте, әрине, аурудың жоғары қаупі бар пациенттер - бұл диспансерлік топтар, есепке алынған пациенттер. Кесте жасалады. Адамдардың топтасуына жол бермеу керек. Тіпті вакцинацияның өзі жалпы емес, міндетті түрде жеке егу кабинетін қажет етеді. Тізімдер жасалып, біртіндеп халыққа екпе жасау басталады. Егер мұндай қажеттілік болса, әрбір емхана тіркелген халықтың жүктемесі мен санына байланысты 3-5 егу кабинетін ұйымдастырады», - деді дәрігер.

Сондай-ақ ол егу паспорттарын қолдан жасауға немесе сатып алуға болады деген қауесетті жоққа шығарды. «Бұл мүмкін емес. «Вакцинация» деп аталатын ақпараттық жүйе бар. Бұл құпия ақпарат, ол қолжетімсіз. Оның үстіне, электронды анықтамалар мен паспорттарды қолдан жасау мүмкін емес», - деп жауап берді Руспекова.

https://ortcom.kz/kk/novosti/nauryz-ajynan-bastap-covid-19-ga-qarsy-zhappaj-vakcinaciyalau-kezinde-qosymsha-egu-kabinetteri-ashylady-l-ruspekova




# Вакцина емдемейді, бірақ ауырып қалмауға мүмкіндік береді

**Бүгін Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте спикерлер жаңа вакцина туралы мифтер мен фактілер туралы айтып берді. Денсаулық сақтау министрлігі Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығының клиникалық және ғылыми жұмыстар жөніндегі директорының орынбасары, профессор Ләззат Ералиева кезінде әлемді обадан нақ осы вакцина құтқарғанын еске салып өтті.**

«Вакцина дәрі емес, ол жұқпалы ауруларды емдемейді. Бірақ тарих көрсеткендей, вакцинацияның арқасында әлем бірқатар қауіпті және ауыр инфекциялардан арылды. Бүгінгі таңда COVID-19 вакцинациясы туралы мифтер көп, мен сенімді ақпарат алуға, сондай-ақ халықаралық және отандық сарапшылардың пікірін тыңдауға шақырамын», - деді Л.Ералиева.

Сарапшы түсіндіріп өткендей, КВИ вакцинасы, басқа вакциналар сияқты, иммунобиологиялық препарат болып табылады және қолданған кезде оның қарсы көрсетілімдері, енгізілгеннен кейін мүмкін болатын реакциялар және оны қою шарттары бар. Қазіргі уақытта әлемде әзірленіп жатқан КВИ қарсы вакциналардың құрамы әр түрлі – бұл өлтірілген вирустың бөлшектері немесе вирустың РНҚ бөлшектері, мысалы, аденовирус немесе SARS-CoV-2 коронавирусының рекомбинантты ақуыздарынан қоспасы сияқты басқа вирустар болуы мүмкін.

«Адам ағзасына енгізген кезде бұл вакциналар оның бойында антиденелер қалыптастырады, иммунологиялық реакция пайда болады, ол әртүрлі адамдарда әртүрлі болуы мүмкін. Жағымсыз реакцияларды бірден айту мүмкін емес, иммунды жауаптың қалыпты көріністері мен иммундаудан кейінгі жағымсыз көріністерді ажырату қажет», - деп атап өтті Л.Ералиева.

Оның айтуынша, көп жағдайда вакцинациядан кейін адам ештеңе сезбейді. Қалыпты реакцияларға вакцина енгізілген жердің қызаруы немесе ісінуі, дене температурсыаның қысқа мерзімді жоғарылауы жатады. Кейбір жағдайларда гиперреакция болуы мүмкін - бұл жоғары температура мен аллергиялық белгілер. Бұған көп жағдайда созылмалы және өткір аурулардың асқынуы себеп болады. Айта кетейік, мұндай реакция вакцинацияланған адам екпеден кейін белгілі бір режимді сақтамағанда болады.

https://ortcom.kz/kk/novosti/vakcina-emdemejdi-biraq-auyryp-qalmauga-mumkindik-beredi-sarapshy




## Сот залынан

# ОТБАСЫН САҚТАУ – БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ!

**Отбасы институтын қорғау мемлекеттің маңызды әлеуметтік міндеттерінің бірі болып табылады. Әр отбасының тұрақтылығы мен әл-ауқаты қоғамның тұрақты өмір сүруінің және мемлекеттің сәтті дамуының қажетті шарты болып табылады. Соттар неке мен отбасын, ана мен баланы қорғау ісінде маңызды рөл атқарады. Жоғарғы Соттың ұстанымы отбасын сақтауға және ерлі-зайыптылардың ажырасуының алдын алуға бағытталған.**

Өкінішке орай, қабылданған шараларға қарамастан, елде ажырасулар саны жыл сайын артып келеді. Қазақстанда орта есеппен әр сағат сайын алты ерлі-зайыптылар ажырасады.

Аталған проблемалардың өзектілігіне байланысты Қорғалжын аудандық сотының судья-татуласушылары осы санаттағы азаматтық істерді қарау кезінде отбасын сақтауға бағытталған шараларды тұрақты негізде қабылдайды.

2020 жылдың кезеңінде сот некені бұзу туралы 16 талап арызды қарады, оның 10 шешіммен қанағаттандырылды, 5 медиация тәртібімен тоқтатылды, 1 соттылығы бойынша жіберілді.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 238-бабының талаптарына сәйкес АХАТ органдары кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ және бір-біріне мүліктік және өзге де наразылықтары жоқ ерлі-зайыптылардың некесін (ерлі-зайыптылығын) бұзуға өзара келіскен кезде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеуді жүргізуге міндетті.

Қорғалжын ауданында 2020 жыл ішінде неке қию туралы 48, некені бұзу туралы 8 акт тіркелді, оның 6 сот шешімімен, 2 өзара келісім бойынша.

Ажырасу әрдайым мәселенің шешімі бола бермейтінін атап өткім келеді, өйткені көптеген ерлі-зайыптылардың балалары бар, олар үшін ата-аналарының ажырасуы жағымсыз психологиялық зардаптарға соқтырады.

Некені сақтаудың маңыздылығын, сондай-ақ АХАЖ органдарының және осы саладағы медиаторлардың рөлін арттыру қажет.

**Б.Изахметов**
**Қорғалжын аудандық сотының кеңсе меңгерушісі**

# Қорғалжын аудандық соты «WatsApp» желісі арқылы ОНЛАЙН дөңгелек үстел өткізді

**25 ақпан 2021 жылы Қорғалжын аудандық соты «Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодексін қолдануды талқылау» бойынша «WatsApp» желісі арқылы онлайн дөңгелек үстел өткізді.**

Аталған шараға Қорғалжын ауданының прокуроры, аудандық полиция бөлімі, мемлекеттік кірістер басқармасы, аудан әкімі аппаратының құқықтық бөлімінің өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстел барысында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 2020 жылдың 29 маусымдағы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі түсіндірілді.

Сонымен қатар, Кодекс Әкімшілік рәсімдермен және жария құқықтық қатынастар саласындағы дауларды шешу бойынша арнайы сот ісін жүргізумен байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталғанын атап өтті. Кодекс азаматтарға басқарушылық шешімдер қабылдау процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік беретін кепілдіктер жиынтығын бекітетін, сондай-ақ дауларды жоғары тұрған органдар мен сот билігі органдары қараған кезде азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін белгілейтінін атап өтіп, Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізудің негізгі міндеттері, процеске қатысушылардың құрамы, мемлекеттік органдардың ішкі Әкімшілік рәсімдері, әкімшілік рәсімді қозғау тәртібі, істерді қарау тәртібі туралы айтып өтті. Дөңгелек үстелге қатысушылар күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз ой пікірлерімен, тәжрибелерімен бөлісіп, зерделеп шықты.

Дөңгелек үстел соңында қатысушыларға туындаған сұрақтар бойынша толық жауаптар берілді.

**А.Б.ЗИАДА**
**Қорғалжын аудандық сотының судьясы**

# ҚЫСҚАША АҚПАРАТ ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІҢ НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІ 2021-2023 ЖЫЛДАР

**Жергілікті бюджет** – орталықтандырылған ақшалай қор, түсімдер есебінен қалыптастырылатын айқындалған Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және қаржымен қамтамасыз етуге арналған міндеттер мен функцияларды жергілікті мемлекеттік органдарының , аудан, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік саясатты іске асыру, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте.

Жергілікті бюджетке Қорғалжын аудандық маслихат шешімімен бекітіледі

2009 жылдан бастап ҚР-да әзірленеді бюджетке үш жылдық кезеңге арналған.

### 1-бөлім. Жоспарлау және бюджетті бекіту

### 1.1. Әлеуметтік - экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері

Қазақстан Республикасының 2 желтоқсан 2020 жылғы № 379

«2021-2023 жылдарға арналған Республикалық бюджет туралы» 2021 жылдың 1 қаңтарынан анықталды :

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге;
2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 18 524 теңге;
3) зейнетақының ең төмен мөлшері – 43 272 теңге;
4) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 917 теңге;
5) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 34 302 теңге болып белгіленсін.

«Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес есептелген негізге ала отырып, штат санының лимитін дербес атқарушы органдарының ескере отырып, бөлінген нысаналы трансферттерді, 2021-2023 жылдарға республикалық және облыстық бюджет мәслихаттын шешімі негізінде Ақмола облыстық бюджеті туралы» 2021 жылға аудан бюджеті құрылған.

Аудан бюджеті Қорғалжын аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 1/60 шешімімен бекітілген.

**Субвенциялар** – бұл бюджеттік қаражат берілетін облыстық бюджет , аудандар.

### 1.2 бюджеттің түсімдері мен шығыстары

Кесте1

**Қорғалжын ауданының 2021 -2023 жылға бюджеті (бекітілген)** (мың теңге)

| № п/п | Атауы | 2021 жыл | 2022 жыл | 2023 жыл |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 4 | 5 | 6 |
| | **Түсімдер** | **3 100 877** | **2 218 033** | **2 236 112** |
| 1 | Салықтық түсімдер | 234 449 | 239 000 | 256 129 |
| 2 | Салықтық емес түсімдер | 7 645 | 9 645 | 9 645 |
| 3 | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 7 658 | 9 658 | 10 608 |
| 4 | Трансферттер түсімі | 2 851 125 | 1 959 730 | 1 959 730 |
| | Түскен кредиттер | | | |
| 5 | Субвенциялар | 1 959 659 | 1 959 730 | 1 959 730 |
| 6 | қарыздар түсімі | 61 257 | | |
| 7 | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 34 777 | | |
| 8 | бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | | | |
| | **ШЫҒЫСТАР** | **3 100 877** | **2 218 033** | **2 236 112** |
| 1 | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 574 001 | 179 344 | 185 959 |
| 2 | Қорғаныс | 2 478 | 1 770 | 2 774 |
| 3 | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | | | |
| 4 | Білім беру | | | |
| 6 | әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету | 213 268 | 84 065 | 108 428 |
| 7 | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 341 947 | 4 847 | 6 428 |
| 8 | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 171 133 | 157 417 | 165 758 |
| 10 | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 111 495 | 138269 | 146 961 |
| 11 | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 17 177 | 7 967 | 8 221 |
| 12 | Көлік және коммуникация | 13 500 | 15 000 | 0 |
| 13 | Өзгелері | 5 240 | 5 443 | 5 819 |
| 14 | борышқа қызмет көрсету | 17 874 | 17 835 | 17 835 |
| 15 | Трансферттер | 1 612 724 | 1 606 176 | 1 588 029 |
| 16 | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 34 777 | | |
| V | -бюджет тапшылығы (+профициті) | -26 480 | | |
| VI | + Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 26 480 | | |

Бюджеттік шығыстардың саясатының негізгі басымдықтары 2021-2023 жылдары сақтау болып табылады мемлекет кепілдік берген міндеттемелерді және азаматтарды әлеуметтік қолдау деңгейін жағдай жасаумен қатар, аудан экономикасын дамыту тиімділігін арттыру үшін.

### Әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамтамасыз ету

Саласындағы әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек маңызды бағыттарының бірі болып өмір сапасын жақсарту, қолдау және жағдай жасау үшін қоғамға мүмкіндігі шектеулі адамдар.

| Атауы | 2021 жыл | 2022 жыл | 2023 жылға |
|---|---|---|---|
| **Барлығы** | **213 268** | **84 065** | **108 428** |
| саясатты іске асыру жөніндегі Қызметтер жергілікті деңгейде облыстың жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру | 23 092 | 23 985 | 24 927 |
| жұмыспен қамту Бағдарламасы | 59 426 | 14 800 | 23 787 |
| Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету | 20 477 | 0 | 0 |
| Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 50 175 | 0 | 7 794 |
| тұрғын үй көмегін Көрсету | | | |
| Әлеуметтік көмек мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша | 13 771 | 13 537 | 16 247 |
| Материальное обеспечение детей-инвалидов, воспитывающихся и обучающихся на дому | 226 | 237 | 249 |
| қызметтерге ақы Төлеу бойынша есептеу, төлеу және жеткізу жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді | 1 352 | 1 420 | 1 491 |
| әлеуметтік көмек мұқтаж азаматтарға үйде | 11 741 | 8 962 | 10 111 |
| Қамтамасыз ету, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет, жеке көмекшілермен сәйкес мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына | 4 554 | 4 575 | 5 793 |
| мемлекеттік органның Күрделі шығыстары | 0 | | |
| Қамтамасыз ету жұмыспен қамту орталықтарының қызметін | 25 470 | 16 549 | 18 029 |
| Туралыбеспечение құқықтарын және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі Қазақстан Республикасында мүгедектерді | 2 984 | | |
| Орналастыруға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс үкіметтік емес ұйымдарда | | | |

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға, 2021-2023 жылдарға арналған тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін көтерме жәрдемақы және әлеуметтік қолдау республикалық және аудандық бюджеттерден 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін 1 500 АЕК мөлшерінде бюджеттік кредиттер беру көзделген.

| Көтерме жәрдемақы (аудандық бюджет) | 2021 жыл | | 2022 жыл | | 2023 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Сомасы (мың теңге) | Адам | Сома, мың теңге | Адам | Сома (мың теңге) | Адам |
| | 17 105 | 25 | | | | |

| Тұрғын үй сатып алуға кредиттер (республикалық бюджет) | 2021 жылға | | 2022 жыл | | 2023 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Сомасы (мың теңге) | Адам | Сома, мың теңге | Адам | Сома (мың теңге) | Адам |
| | 61 257 | 14 | 59728 | 13 | 48 015 | 10 |

### Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік

Мәдениет мекемелерінің жүйесіне «ГККП аудандық мәдениет үйін» ұстауға шығындар кіреді, аудан тұрғындары үшін мәдени іс-шараларға қызмет көрсетіледі. «ГККП аймақтық мәдениет үйі» құрамына 4 ауылдық клуб мекемелері, яғни аудандық мәдениет үйі, жалпы құрамы 43,5 бірлікті құрайтын Шалқар, Сабынды, Арықты, Қарашалғынн ауыл клубтары кіреді.

Орталық кітапхана жүйесінің қызмет көрсетуіне 13 кітапхананы ұстауға шығындар анықталады,оның ішінде 1 орталық кітапхана, 1 балалар аудандық және 11 ауылдық кітапханалар.

Дене шынықтыру және спорт бөлімінде іс жүзінде 2 бірлік бар, штаттық саны 2 адам, штаттан тыс қызметкерлер - 10 бірлік.

**2021-2023 жылдардың аудан бюджетінің негізгі бағыттары:**

| Атауы | 2021 жылға | 2022 жылға | 2023 жылға |
|---|---|---|---|
| **Барлығы** | **171 133** | **157 417** | **165 758** |
| Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 7 025 | 7 127 | 7 385 |
| Мәдени - демалыс жұмысын қолдау | 89 392 | 80 160 | 84 889 |
| Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі | 23 562 | 19 799 | 20 898 |
| Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 9 953 | 9 610 | 9 719 |
| Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 14 331 | 15 743 | 16 564 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу | 1 500 | 1 700 | 1 700 |
| Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы | 1 536 | 1 384 | 1 545 |
| мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 0 | | |
| Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары | 690 | 690 | 761 |
| Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 10 974 | 9 527 | 9 865 |
| Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 4 173 | 4 173 | 4 877 |
| Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 7 997 | 7 504 | 7 555 |
| Спорт объектілерін дамыту | | | |
| Мәдениет объектілерін дамыту | | | |

**Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық**

Негізгі стратегиялық бағыттары: тұрғын үй-коммуналдық саласының жүйесін дамыту сумен жабдықтау және су бұру, үздіксіз қамтамасыз ету, жылу-сумен жабдықтау, жаңғырту және дамыту тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы.

Қорғалжын ауылының көше-жол желісін орташа жөндеу, Өркендеу ауылындағы су құбырының таратушы желілерін қайта жаңарту, Қорғалжын ауылында Әліби Жангелдин көшесі бойынша 2/2 және 2/3 тұрғын үйлер үшін екі қабатты жатақханаларды қайта жаңарту, Қорғалжын ауылында Максим Горький көшесі бойынша екі пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы 2021 жылы қарастырылғаны – 415 894 мың теңге, Қорғалжын ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығына «Өрлеу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның жарғылық капиталын ұлғайту-20 200 мың теңге

«2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық мәслихат сессиясының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 6С-52-2 шешіміне сәйкес республикалық және облыстық бюджеттерден берілетін нысаналы трансферттердің, сондай-ақ 2021-2023 жылдарға арналған бюджеттік кредиттердің көлемі айқындалды.

**2021 жылдың республикалық және облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер мен кредиттері**

| Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Атауы | мың теңге сомасы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге | 41500 |
| | Мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға | 845 |
| | Техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар тізбесін кеңейтуге | 439 |
| | Еңбекақыныжартылай субсидиялауға және жастар тәжірибесіне | 6220 |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге ерікті түрде қоныс аударатын адамдарға және қоныс аударуға жәрдемдесетін жұмыс берушілерге мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуге | 614 |
| | Жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыруға гранттар, соның ішінде NEET санатындағы жастар, аз қамтылған көпбалалы отбасылар мүшелері, аз қамтылған еңбекке қабілетті мүгедектер | 14 585 |
| | Қоғамдық жұмыстарға | 29 520 |
| | Мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін жұмыскерлердің жалақысына қосымша ақы белгілеуге | 2 881 |
| | «Инватакси» қызметтерін дамытуға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға | 1700 |
| | Қысқа мерзімді кәсіби оқытуды іске асыруға | 6 910 |
| | Қоныс аударушылар мен оралмандар үшін тұрғын үйді жалдау (жалға алу) бойынша шығындарды өтеуге | 1 577 |
| | Жұмыспен қамту орталықтарында әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесшілер мен ассистенттерді енгізуге | 9 454 |
| | Ауылдық жерде тұратын педагогтар үшін отын сатып алуға және коммуналдық қызметтерді төлеуге | 20 477 |
| Мәдениет, тілдердідамыту, денешынықтыру және спорт бөлімі | Мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен мұрағат мекемелерінің басшылығы мен негізгі құрамы үшін мәдениет ұйымдары мен мұрағат мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін қызметтік жалақыға қосымша төлемдер белгіленсін | 13 791 |
| Құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі | Қорғалжын ауылында Максим Горький көшесі бойынша екі пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы | 33 026,0 |
| | Қорғалжын ауылында Әліби Жангелдин көшесі бойынша 2/2 және 2/3 тұрғын үйлер үшін екі қабатты жатақханаларды қайта жаңарту | 150 000,0 |
| | Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Қорғалжын ауылында Әліби Жангелдин көшесі бойынша № 2/2, 2/3 мекен-жайындағы тұрғын үйлерге арналған қайта жаңартылатын екі қабатты жатақханалар үшін сыртқы инженерлік желілер, инфрақұрылымның құрылысы және абаттандыру | 100 000,0 |
| Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі | Қорғалжын ауылының Кенжебек Күмісбеков көшесін орташа жөндеу | 54 562 |
| | Қорғалжын ауылының Ерік Дүйсенбаев көшесін орташа жөндеу | 45 207 |
| | Қорғалжын ауылының Дәурен Рысбаев көшесін орташа жөндеу | 40 464 |
| | Қорғалжын ауылының Максим Горький көшесін орташа жөндеу | 62 438 |
| | Қорғалжын ауылының көше-жол желісін орташа жөндеу | 200 000 |
| | Қорғалжын ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығына «Өрлеу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның жарғылық капиталын ұлғайту | 20 200,0 |
| | Өркендеу ауылындағы су құбырының таратушы желілерін қайта жаңарту | 32 868,0 |
| Экономика және қаржы бөлімі | Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін | 61 257,0 |
| | Көтерме жәрдемақы мөлшерін ұлғайтуға | 2 188,0 |
| БАРЛЫҒЫ | | 952 723 |

**1.3. Бюджет тапшылығы (профициті) аудандық бюджет**

**Бюджет тапшылығы - 26 480 мың теңгені құрайды.**

**Бюджет тапшылығын қаржыландыру – 26 480 мың теңге, есебінен:**

**- қарыздар түсімі – 61 257 мың теңге – несие:**

**- қарыздарды өтеу – 34 777 мың теңге**

жергілікті атқарушы органның борышын өтеу жоғары тұрған бюджеттің алдында.

# ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

**Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдерге, біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.**

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың көбейуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттің органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттің органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке ат салысып, қарсы тұруымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние-байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес.

**Қорғалжын аудандық соты**
**аға сот приставы Қ.Қауазбеков**

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2014 жылғы 6 қарашадағы
№ 72 бұйрығымен бекітілген

# Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі (бұдан әрі – Заң), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі (бұдан әрі – Мемқызметтер туралы заң) заңдарына және 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес әзірленді және, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) жергілікті өкілді органдардың (мәслихаттардың) шешімі бойынша бюджет қаражаты есебінен көтерме жәрдемақы беру және тұрғын үй сатып алуға әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін айқындайды.

2. Көрсетілетін қызметті алушыларға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылады және оны аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы уәкілетті органдары көрсетеді (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен көрсету нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын, оны көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында баяндалған.

## 2-тарау. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну тәртібі

3. Көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алуға немесе салуға әлеуметтік қолдау Заңның 18-бабының 8-тармағында көрсетілген көрсетілетін қызметті алушыларға көрсетіледі.

Бұл ретте ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға әлеуметтік қолдау «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 56-бабының 12-тармағында көзделген шектеулерді ескере отырып беріледі.

4. Тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары жақын туыстарынан (жұбайынан (зайыбынан), атасынан (әжесінен), ата-аналарынан (оның ішінде асырап алушылардан), балаларынан (оның ішінде асырап алынғандарынан), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-қарындастарынан) тұрғын үй-жай сатып алуға, сондай-ақ азамат тұрақты тұратын тұрғын үй-жайды сатып алуға пайдаланылмайды.

5. Бюджеттік кредиттер облыстардың жергілікті атқарушы органдарына мынадай талаптарда:

теңгемен он бес жылға дейінгі мерзімге 0,01 % мөлшеріндегі жылдық сыйақы мөлшерлемесі бойынша тұрғын үй сатып алуы немесе салуы үшін кейіннен ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне бере отырып, кредиттік шарттар жасасу арқылы беріледі;

кредиттерді игеру кезеңі кредитордың шотынан кредиттер аударылған сәттен бастап есептеледі және 22 (жиырма екі) айды құрайды.

6. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы алдағы кезеңге денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілер бойынша сұранысқа ие мамандықтардың тізбесін (бұдан әрі – тізбе) қалыптастырады, оны бір жұмыс күні ішінде аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырады және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) мәлімет үшін ұсынады.

Тізбеде көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілетін қызметті алушылардың және/немесе олардың мамандықтарының атауы мен саны көрсетіледі.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді органы (мәслихат) жыл сайын көрсетілетін қызметті алушыларға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы шешім қабылдайды.

7. Көрсетілетін қызметті алушыларға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит беру тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес бөлінген сома шегінде жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызметті беруші әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну жөніндегі жұмыс органы болып табылады.

9. Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері үшін тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит беру сенім білдірілген өкілмен (агентпен) шарт болған жағдайда жүзеге асырылады.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушыларға тұрғын үй сатып алуға немесе салуға кредит беру жөніндегі бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша сенім білдірілген өкілмен (агентпен) тапсырма шартын жасасады.

Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) көрсетілетін қызметті алушыларға тұрғын үй сатып алуға немесе салуға кредит беру жөніндегі бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша операциялық қызметтеріне арналған шығындарды өтеуге арналған қаражат

10. Әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі (құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынған кезде) көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорация арқылы немесе электрондық форматта «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) көтерме жәрдемақы алған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы дипломының көшірмесі;

көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы дипломының көшірмесі;

көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

сәйкестендіру үшін неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін);

Кредиттік бюродан есеп;

3) тұрғын үй салуға бюджеттік кредит алған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы дипломының көшірмесі;

көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

сәйкестендіру үшін неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін);

Кредиттік бюродан есеп.

Осы Қағидаларда көзделмеген басқа құжаттарды ұсынуды талап етуге жол берілмейді.

Көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит алуға бір мезгілде өтініш беруге жол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде өтінішке көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен немесе көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі тіркелген және порталдың есептік жазбасына қосылған жағдайда ұялы байланыс операторы ұсынған бір реттік парольмен куәландырылған көрсетілген құжаттардың (тиісті ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды қоспағанда) электрондық көшірмелері (сканерленген) қоса тіркеледі және Порталдан «Ауылдық ипотека бойынша өтінімдерді қабылдау жөніндегі бағдарламалық өнім» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – АЖ) көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» нәтижені алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, әлеуметтік қолдау шараларын көрсетуге сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.

11. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы, неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті алушының, оның жұбайының және балаларының жылжымайтын мүлкінің болмауы (болуы) туралы анықтама, көрсетілетін қызметті алушының атына тұрғын үй салуға берілген жер учаскесін пайдалану құқығы туралы, еңбек қызметі бойынша, ортадан кейінгі, техникалық, кәсіптік және/немесе жоғары білім дипломының болуы туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері немесе көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзы арқылы алады.

Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері көрсетілетін қызметті алушыдан қабылданатын құжаттар топтамасының толықтығын тексереді және құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация жұмыскері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

12. Мемлекеттік корпорация толық құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге бір жұмыс күні ішінде жеткізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік корпорацияда өтініш пен құжаттарды қабылдау және көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды беру күні әлеуметтік қолдау шараларын көрсету мерзіміне кірмейді.

13. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорациядан құжаттарды қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде әлеуметтік қолдау шараларын алуға үміткер көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады, ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді.

14. Көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыларға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну және/немесе әлеуметтік қолдау шараларын алуға көрсетілетін қызметті алушыларды есепке алу және кезектілікке қою туралы аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі қаулысының жобасын немесе әлеуметтік қолдау шараларын ұсынудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің көрсетілетін қызметті алушыларға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну және/немесе әлеуметтік қолдау шараларын алуға көрсетілетін қызметті алушыларды есепке алу және кезектілікке қою туралы қаулысы төрт жұмыс күні ішінде қабылданады.

15. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге (мекенжайы және байланыс деректері көрсетілген) 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) жасасу үшін жүгіну қажеттігі туралы, есепке алу және кезектілікке қою туралы хабарламасы немесе әлеуметтік қолдау шараларын ұсынудан дәлелді бас тарту мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі болып табылады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей жеткізуді қамтамасыз етеді.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы хабарлама не қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберіледі. Сәтті көрсетілген жағдайда Порталға келісімге қол қою үшін көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайы көрсетілген хабарлама жіберіледі.

16. Көрсетілетін қызметті беруші:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған;

2) егер көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар болған;

3) егер көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан оның негізінде айырылған, көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар болған;

4) көрсетілетін қызметті алушының Заңның 18-бабы 8-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда әлеуметтік қолдау шараларын ұсынудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

17. Осы Қағидалардың 14-тармағында көзделген көрсетілетін қызметті алушыларға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы қабылданғаннан кейін:

1) көтерме жәрдемақы алу кезінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында Келісімге бір жұмыс күні ішінде қол қойылады;

2) тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит алу кезінде көрсетілетін қызметті беруші, сенім білдірілген өкіл (агент) мен көрсетілетін қызметті алушы арасында Келісімге бес жұмыс күні ішінде қол қойылады.

18. Әлеуметтік қолдау шаралары бұрын берілген кредиттер бойынша өтелмеген мерзімі өткен берешегі жоқ (осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген құжаттарды қарау сәтінде), сондай-ақ соңғы 2 (екі) жыл ішінде 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешегі жоқ көрсетілетін қызмет алушыларға ұсынылады.

19. Көрсетілетін қызметті алушыларға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну үшін бюджет қаражаты жетіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші әлеуметтік қолдау шараларын алушы үміткерлердің қатарынан кезектілікті қалыптастыру жолымен әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мерзімін тоқтата тұрады.

Әлеуметтік қолдау шараларын алуға кезекте тұрған көрсетілетін қызметті алушылардың құжаттарын қайта қарау мерзімін көрсетілетін қызметті беруші белгілейді және ол бір жылдан аспайды.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мерзімдерін тоқтата тұру туралы хабарлама жібереді.

20. Тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы шешім қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны келесі құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы хабардар етеді:

1) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит беру кезінде:

сатып алынатын жылжымайтын мүлікті бағалау актісі;

сатып алынатын тұрғын үйдің құны берілетін бюджеттік кредит мөлшерінен асқан кезде қоса қаржыландыруға жазбаша келісім.

2) тұрғын үй салуға бюджеттік кредит беру кезінде:

кепіл мүлкін бағалау актісі;

кепіл мүлкін сақтандыру шарты;

тұрғын үй салу кезіндегі шығыстар берілетін бюджеттік кредит мөлшерінен асып кеткен кезде қоса қаржыландыруға жазбаша келісім.

21. Келісім жасалғаннан кейін:

1) көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде көтерме жәрдемақы сомасын көрсетілетін қызметті алушылардың жеке есеп шоттарына аударады;

2) сенім білдірілген өкіл (агент) кепіл шартын тіркегеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетілетін қызметті алушыға сатып алынатын жылжымайтын немесе кепіл мүлкін бағалау актісін ескере отырып, тұрғын үй сатып алуға немесе салуға кредит береді.

22. Көрсетілетін қызметті алушының кредит бойынша міндеттемелерді орындауы:

1) өзі сатып алған тұрғын үйді кепілге қоюмен;

2) салынған тұрғын үйді кейіннен кепілге қоюмен өзге жылжымайтын өтімді мүлікпен қамтамасыз етіледі.

23. Тұрғын үйді сатып алу және салу үшін бюджеттік кредиттерді беру, өтеу және қызмет көрсету бойынша қосымша талаптар кредиттік шартта белгіленеді.

24. Қайталама нарықта тұрғын үйді сатып алу-сату шарты немесе салынған тұрғын үйді пайдалануға беру актісі тұрғын үй сатып алуға немесе салуға арналған бюджеттік кредит сомасын мақсатты пайдалануды растау болып табылады.

25. Бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуын бақылау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Тұрғын үй салуға бюджеттік кредит берілуі үшін көрсетілетін қызметті алушы әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы өтінішпен және осы Қағидалардың 10-тармағының талаптарына сәйкес құжаттардың толық тізбесімен көрсетілетін қызметті берушіге жүгінеді.

27. Көрсетілетін қызметті алушының тұрғын үй салуға бюджеттік кредит беру туралы өтінішін қарау тәртібі осы Қағидалардың 11 - 14-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

28. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі көрсетілетін қызметті алушыға мынадай шарттарды ескере отырып, тұрғын үйлердің үлгілік жобаларының нұсқаларын ұсынады:

1) тұрғын үйдің бір шаршы метрінің құны қырық алты айлық есептік көрсеткіштен аспайды;

2) тұрғын үй құрылысының жалпы сметалық құны берілетін кредиттің екі еселенген мөлшерінен аспайды;

3) тұрғын үй құрылысының ең ұзақ мерзімі кредит берген сәттен бастап он екі айдан аспайды.

29. Көрсетілетін қызметті алушы үлгілік жобалардың ұсынылған нұсқаларымен жазбаша түрде келіскен жағдайда аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі келісім алған сәттен бастап төрт жұмыс күні ішінде тұрғын үй салуға бюджеттік кредит беру туралы қаулы қабылдайды.

30. Осы Қағидалардың 29-тармағында көрсетілген қаулы қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші, көрсетілетін қызметті алушы және сенім білдірілген өкіл (агент) арасында Келісім жасалады.

31. Тұрғын үй салуға бюджеттік кредит беру осы Қағидалардың 15 - 22-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

32. Сома банктік шотқа аударылғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы кемінде он жұмыс күні өткен соң «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сәулет-құрылысты бақылауды жүзеге асыратын органдарға тұрғын үй құрылысының басталғаны туралы хабарлайды.

33. Құрылыс аяқталғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тұрғын үйді пайдалануға беруді жүзеге асырады.

34. Көрсетілетін қызметті алушы салған тұрғын үй пайдалануға берілгеннен және ол ғимараттарды, құрылысжайлар және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық тексеруді жүзеге асыратын ұйымдарда тіркелгеннен кейін тараптардың келісімі бойынша бұрын берілген кепілді салынған тұрғын үйге ауыстуға болады.

**2-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың жұмыскерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

35. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не осы тиісті жергілікті атқарушы органның атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда жасалады. Шағымда шағым берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), пошталық мекенжайы, телефон нөмірі, шағымды берген күні және қолы көрсетіледі.

Шағым жазбаша нысанда почта бойынша, Портал арқылы не жұмыс күндері кеңсе арқылы қолма-қол қабылданады.

Қолма-қол, сол сияқты поштамен келіп түскен шағымның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушыға оның шағымының қабылданғандығын растау үшін шағымның көшірмесіне кіріс нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері, тиісті кеңсенің байланыс телефоны көрсетілген мөртабан қойылады.

Көрсетілетін қызметті алушыға шағымды қарау нәтижелері туралы жазбаша түрде пошта арқылы хабарланады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинеттен» өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып тұрады.

Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Мемқызмет туралы заңға сәйкес сотқа жүгіну құқығы бар.

